

**Аудандық Қоғамдық кеңестің төралқа отырысының
хаттамасы**

Қордай ауылы
Өткен жері: «Amanat» мәжіліс залы

05 шілде 2024 жыл
сағат 10:00

Қатысқандар: Б.Н Қарамолдаева - Қоғамдық кеңес төрайымы, аудандық Қоғамдық кеңестің барлық кеңес мүшелері: қатысқаны – 12 мүшелері

1. Шақырылғандар: Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы - Е.Мендекеев және «Әділ-Құрылыс и К» ЖШС, директоры Р.Е.Құрмашов

Қатысқандар: Аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 12 адам

Қатыспағандар: «Әділ-Құрылыс и К» ЖШС, директор Р.Е.Құрмашов

Төрағалық етуші: - Б.Қарамолдаева

Күн тәртібі:

1. Қарасай батыр ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені туралы

Күн тәртібінің бірінші мәселесіндегі Қарасай батыр ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені туралы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Е.Мендекеев баяндады.

Өз сөзінде, 2023 жылдың тамыз айында әкімдік тарапынан мердігерге нысандарды салуға арналған шарттарды бұзу туралы, алдын ала төлемді қайтару туралы, 2021-2022 жж. және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алу туралы талап арыз Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа берілгенін айтты.

Нәтижесінде, сот нақты шешім шығарып, талап қоюшының, яғни Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі жауапкер «Әділ-Құрылыс и К» ЖШС-не аванстық төлемдерді, тұрақсыздық айыппұлын өндіру және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылды. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылды. Жауапкер «Әділ-Құрылыс и К» ЖШС-нен мемлекет бюджетіне жалпы 56 410 603,7 теңге 70 тиын аванстық төлемдер қайтарып өндірілсін деген шешім шықты.

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі, Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне, №01-02/880 13.06.2024ж. хат жолданып, Қарасай батыр ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне 74 417 мың теңге құрылысты аяқтау үшін өтінім берілген, қазіргі уақытта 18 млн теңге қаражат қарастырылды.

Аудандық Қоғамдық кеңес Қарасай батыр ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы туралы аудан әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлім басшысы Е.Мендекеевтың анықтамасын назарға алып, **шешім етті:**

Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Е.Мендекеевке Қарасай батыр ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтау үшін заң талаптарына сәйкес тиісті іс-шара қабылдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық кеңестің төрайымы:

Б.Қарамолдаева

Аудандық Қоғамдық кеңестің хатшысы:

Р.Имашева